

«Исатай аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығын басшылыққа ала отырып үстіміздегі жылдың сәуір айының 16 бастап мамыр айының 26 күндері (мемлекеттік сатып алу қызметі, мүдделер қақтығысын болдырмау) 2025 жылдың алты айына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілуде. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері жария талқылануда.

Талдаумен қамтылады: Мемлекеттік сатып алу жоспарында орындауда заңнамаға сәйкестігі және ешқандай заңбұзушылық орын алмағаны және персоналды басқару қызметінде мүдделер қақтығысы орын алмағаны талдаудың анықтамада жазылған.

16 сәуір 2025 жыл

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына іс жүзінде қызмет етпейтін тұлғалардың болуына жол берілмей еңбек ақы төлеудің алдын алу. Медициналық бұйымдарлық тұрып қалу простаивание фактілерінің алдын алу және кәсіпорын мүлкін сақталуы бағытталған жүргізілген ішкі талдау анықтамасы

28 сәуір 2025 жыл

Аққыстау селосы

Талдау жүргізуге негіз: Исатай аудандық ауруханасының (бұдан әрі текст бойынша – Кәсіпорын) 2025 жылғы 21 мамыр №106 бұйрығы негізінде арнайы жұмыс тобы құрылды.

Талдаудың мақсаты мен міндеті: Кәсіпорын қызметінің бағыты бойынша қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердегі және мемлекеттік қызмет көрсету бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау мерзімі: 01.01.2025 – 02.06.2025 кезең аралығы.

Талдау жүргізу уақыты: 2025 жылдың 16 сәуір – 26 мамыр аралығы.

Жұмыс тобының құрамы:

1. Науанова Ақмарал Кажигалиевна (директордың емхана ісі жөніндегі орынбасары – жұмыс тобы төрайымы).
2. Абежанов Жеңісбек Кадирбекович (директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары)
3. Батырбекова Бөбек Батырбекқызы (заңгер, комплаенс офицері)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығында көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізілді.

Жұмыс тобы екі бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді:

1. Іс жүзінде қызмет етпейтін тұлғалардың болуына жол берілмей еңбекақы төлеудің алдын алу
2. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру.
3. “Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау”
4. Мемлекеттік сатып алу қызметі

Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, облыс, аудан әкімдіктерінің қаулылары мен әкімдерінің шешімдеріне,

өкімдеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге; Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414 V ҚРЗ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы заңы және салалық Ұжымдық шартқа сәйкес жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мамандардың құқықтары мен міндеттері, атқаратын лауазымдық өкілеттіліктері бекітілген. Ұжымдық салалық шарт функциялары ҚР нормативтік құқықтық актілеріне және Конституцияға сәйкес келеді. Аталған қызметкерлердің қызмет өкілеттілігінен асатын, құқықтары мен бостандықтарын шектейтін нормалар жоқ, сондай-ақ қызметтеріне келтіретін нормалар анықталған жоқ.

01.01.2025 – 26.05.2025 жыл кезеңінде бұйрық 491 тіркелді. Тіркелген бұйрықтарда сыбайлас жемқорлықтың туындауына әсер ететін нормалар анықталмады.

Ұсыныстар:

ҚР жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Исатай аудандық ауруханасында қолданылатын Ұжымдық салалық шартқа тиісті деңгейді қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыру;

1. Исатай аудандық ауруханасының штаттық кестесі және құрылымдық бөлімшелері бекітіледі. Талдау жүргізу кезеңінде жалақы қорының жалпы саны 318,75 адам, оның ішінде жоғары буын қызметкері (дәрігерлер) 49,25, 167,25 орта буын қызметкерлері (мейірбикелер), кіші буын қызметкерлері (тазалықшылар) 21,50 және 36,50 қосалқы қызметкерлер.

2025 жылға аудан бойынша 1 невропатолог, 4 ЖТ дәрігер, акушер-гинеколог 1, анестезиолог-реаниматолог 1 қажеттілік туындап отыр.

Қажеттілікті жою мақсатында электронды «Еңбек КЗ» порталы арқылы бос лауазымға сұраныс жарияланып, жоғары медициналық оқу орындарына арнайы сұраныс берілген.

Жұмыс режимі - ауысымдық және екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

Кәсіпорынның алқалы басқарушы органы.

Басшылық лауазымдар: 1 уақытша міндетін атқарушы 4 аға дәрігер, 1 бас есепші, 3 директордың орынбасары оның ішінде: (1 директордың емхана ісі жөніндегі орынбасары, 1 директордың емдеу ісі жөніндегі, 1 медбике ісі жөніндегі орынбасары), басшылық лауазымдар арасында-жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге қызмет істеуіне жол берілмеу талабы сақталған.

2025 жылдың қаңтар - мамыр айлары аралығында, 1 медбике, 3 ЖТ дәрігер жұмысқа қабылданған. Қабылданған қызметкерлермен келісім шарт жасакталған.

Еңбек Кодексінің 30 бабының 1 тармағының 2 тармақшасы және 33,34,35,36 баптарының талаптары сақталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру бағытында, аудандық аурухананың бөлімшелерінде және келушілер назары түсетін

жерлерге, медицина қызметкерлері арасында, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа күрес туралы заңын кеңінен түсіндіру тақырыбында ғимарат ішіндегі көрнекі арнайы тактайшаға ілінді.

Қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлықтан өткізу қызметі жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі.

1 дәрігер

15 орта буын қызметкерлері

Білімін арттыру курстарынан өткен қызметкерлерімен келісім шарттар жасақталып, іссапар шығындары өтелген.

2. Дәрігерлік консультациялық кеңес қызметі - қызметті қозғайтын нормативтік құқықтық актілер; Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ кодексі, еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы №ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы.

Медициналық іс құжаттарды рәсімдеу кезінде (анықтамалар, еңбекке жарамсыздық парақшалары, қортындылар және т.б.) жүгінушінің жеке басын анықтау, осы қызметке жүгінушінің делдалдық қызметке жүгінбеуін қатаң бақылауға алу бағытында медициналық сараптама комиссиясы құрылған және ем алушылар мен тұрғындардың амбулаторлық медициналық картасы электрондық нысанға ауыстырылып, дәрігерлердің қабылдауына жазылу электрондық кезек арқылы бір жүйеге қойылды, ашықтық жағынан жаңа технологиялық даму, электронды денсаулық сақтау жүйесі принциптерімен жұмыс жасауды қолға алудың оңтайлы бағыттарының бірі, осы бағыт өз кезегінде сыбайлас жемқорлық фактілерін алдын-алуды және оны мүлдем болдырмауға үлкен септігін тигізіп келеді.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру, “Damumed” Медициналық ақпараттық жүйесі бағдарламасы арқылы жүргізіледі, науқастың жұмыс орыны мәліметтері диагнозы толық тіркеліп арнайы қатаң есептегі бланкімен беріледі. 2025 жылдың 6 айында 877 еңбекке уақытша жарамсыздық парағы берілген.

Қызмет алу мерзімі бұзылған фактілер анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет алу бағытында жеке және заңды тұлғалардан арыз шағымдар түспеген.

Берілген еңбекке жарамсыздық парақтары бойынша мүдделер қақтығысы анықталған жоқ, қызмет барынша электронды жүйеге көшірілген.

3. Исатай аудандық ауруханасының жанынан ішкі аудит және пациенттердің құқығын қорғау бөлімі өз жұмысын одан әрі жалғастыруда, аурухананың басшылық лауазымдағы қызметкерлеріне, “Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге бағытталған шараларды күшейту туралы” арнайы бұйрықпен қосымша міндеттелді. 2025 жылы жеке тұлғалардан “е-өтініш” бойынша 2, және басшы атына жазбаша 3 арыз шағым түсті, түскен арыздар тіркеліп аудандық аурухана дәрігерлері жанынан құрылған ішкі аудит және пациенттердің құқығын қорғау комиссиясымен уақытылы қаралып, заң шеңберінде тиісті шаралар қабылданды.

2025 жылдың 6 айының көрсеткіші бойынша аудандық аурухананың медициналық қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық бағытында ешқандай құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік сатып алу қызметі- қызметті қозғайтын нормативтік құқықтық акті “Мемлекеттік сатып алу туралы”- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы заңы.Мемлекеттік сатып алу бойынша 2025 жылы осы аталған күнге дейін сотқа талап арыз берілмеді.Мемлекеттік сатып алу қызметінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ қызмет толыққанды электрондық жүйеге көшірілген.

Ұсыныстар:

1.Жұмысқа қабылданатын үміткерлерді конкурс түрінде комиссия арқылы қабылдауды.

2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығысы жоғары салаларға катысты қызметті тұрақты ішкі бақылау.

3.Мемлекеттік сатып алу қызметінің ашықтығын үнемі қадағалау.

4.Ұжымда адал еңбек культін,сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті,сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру.

Enbek.kz порталына қызметкерлермен жасакталған еңбек шарттар,оларға енгізілетін өзгерістер,олардың тоқтатылуы туралы ақпаратты уакытылы енгізу;

Еңбек тәртібін бұзу немесе өзге бұзушылықтар анықталған жағдайда кінәлі тұлғалардың жауаптылығын қарастыру.

Исатай аудандық
ауруханасы директоры у.м.а:



Н.И.Кабулова